

## Ұзынкөл ауданында ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 143 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 шілдеде № 4950 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 3 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Б е к і т і л с і н :

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары;

2) қоғамдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбегіне төленетін ақы аудандық бюджет қаражатынан ең төменгі айлық жалақының 1,5 м ө л ш е р і н д е .

2. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген жағдайларда ж ү р г і з і л с і н .

3. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) аудандық бюджет қаражатынан қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысын өтеу, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына ақшалай қаражатты а у д а р с ы н ;

2) аудандық бюджеттен жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорына әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығындар, жалақыны аудару мен төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар шартпен белгіленген мөлшерде өтесін.

4. Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № 65 "Ұзынкөл ауданында ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4077 тіркелген, 2013 жылғы 4 сәуірде "Нұрлы жол" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Қ а б ы л д и н ғ а жү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

Т. Ташмағамбетов

Қ о с т а н а й о б л ы с ы ә к і м д і г і  
д е н с а у л ы қ с а қ т а у  
б а с қ а р м а с ы н ы ң " Ұ з ы н к ө л  
а у д а н д ы қ о р т а л ы қ а у р у х а н а с ы "  
к о м м у н а л д ы қ м е м л е к е т т і к  
к ә с і п о р н ы б а с д ә р і г е р і н і ң  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

М. Ағайдарова

Ұ з ы н к ө л а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы № 2 4 3  
қаулысына қосымша

**Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары**

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Нақты жағдайлары
1.	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы"	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Ұзынкөл ауданының ауылдық округтері мен ауылдарының аумақтарын жинау және	175112 сағат	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке ала отырып,

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	абаттандыру бойынша күнделікті жұмыстарға көмек.	аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен.
-----------------------------------	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК